

ҚҰТТЫ ҚОНАҚ КЕЛСЕ, ҚОЙ ЕГІЗ ТАБАДЫ

1-бет



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№136-137
/10518-10519/
сәрсенбі,
2 қараша
2016 жыл

Облыс әкімінің сапары

МЕРКІНІҢ МЕРЕҮІ ТАСЫҒАН КҮН

Өткен аптаның аяғында, халқымыз үшін қасиетті саналатын жұма күні, облыс әкімі Көкірекбаев Кәрім Нәсбекұлы арнайы іссапармен ауданымызда болды. Аймақ басшысы жұмыс кестесіне сай мерейлі Меркі өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен жергілікті жерде танысқан соң, бірқатар нысандардың ашылу салтанаттарына қатысып, ұжымдарды аралады.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

Кәрім Нәсбекұлы мен облыстық топ құрамындағы облыс әкімдігі басқармаларының басшыларын жұмысын жаңа бастаған әлеуметтік маңызы зор азық-түлік тауарларының сауда орнында қарсы алған аудан әкімі Өмірбеков Мейірхан Азатұлы арнайы қойылған стендтер арқылы (суретте) ауданымыздың әлеуметтік жайын кеңінен өңгімелеп, ауылшаруашылық, өнеркәсіп және кәсіпкерлік саласында ағымдағы жылдың 9 айында атқарылған істерді баяндады.

Иә, әр бағыт бойынша биіктерді бағындырып, жеткен жетістіктерінде тұрып қалмай, жеңістердің сара жолын серік өткен меркіліктердің құлшынысы өз әділ бағасын алуда. Бұл жолы да аудан көрсеткіштеріне көңілі толған Кәрім Нәсбекұлы алдағы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық торқалы тойына деген сүбелі сыйлары дайын Меркі өңірі жұртшылығына әрқашан сенім артатынын айта келе:

– Тараздан ат терлетіп, таға тоздыра келген бүгінгі сапарымның мақсаты – меркіліктерге мін тағып, сын айту емес, керісінше, Сіздерде жинақталған қуаныштармен бөлісу болатын. Міне, аудан әкімі Мейірхан Азатұлы да өз кеңсесіне емес, бірден мына тамаша, өзгелерге үлгі болар әлеуметтік сауда орнына бастап келді. Себебі, базар нарқынан кемі 15-20 пайыз төмендетілген бағамен сауда жасайтын бұл нысан бұқара халық үшін аса қажет, уақтылы қолға алынған Меркідегі мейірімділік істердің бір жалғасы осы болар, – деп 10 сауда нүктесінен тұратын азық-түлік қатарларын аралады. Осындағы жеке кәсіпкер, наубайханашы Аліхан Селимовтың 5 түрлі нан өнімдері, Ләззат Құлданованың қой, жылқы еттері,



Назгүл Мамарасилованың көкөністері, «Меркі ірімшік зауыты» ЖШС-нің сүт өнімдері сияқты өте сапалы тауар түрлері көз қуантып, өз тұтынушыларын да тауып жатты.

Облыс басшысы болған келесі тұсаукесер нүкте – ҚР Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында құрылысы аяқталып, бүгін пайдалануға берілмекші 250 келушіге арналған жаңа емхана болатын. Салыстырмалы түрде көрсетсек, денсаулық саласын қаржыландыруға 2005 жылы 9,2 млрд. теңге бөлінсе, биыл бұл көрсеткіш 40 млрд. теңгеге жеткен. Облысымыз бойынша тек «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында ғана құны 18,8 млрд. теңгеге 6 денсаулық сақтау нысаны салынғаны да белгілі. Сонымен, металық құны 1836456 мың теңге болса, 579478 мың теңгеге заманауи

медициналық құрал-жабдықтар алынған жаңа аудандық емхананың ашылу салтанатының шымылдығын облыс әкімі К.Көкірекбаев өз құттықтау сөзімен ашса, еңбек ардагері, медицина ғылымдарының кандидаты Д.Қадырханов халыққа қажет сән-салтанаты жарасқан осынау нысан үшін Елбасына, оның жергілікті жердегі өкілдері – облыс, аудан басшыларына өз алғысын жеткізді.

Келесі кезекте аудандық орталық

элиталық және 1,2,3 репродукциялық тұқымын өндіруші шаруашылық статусын алған іргелі ұжым «Сыпатай батыр» серіктестігі болды. Осындағы қызылша алқабында қарсы алған шаруашылық басшысы Қ.Шайхиев әр гектардан 620 центнерден балтамыр жинауда екендіктерін айтып, мемлекет қолдауына ие болған бұл дақылды көптеп өсіру жөніндегі өз ойларымен бөлісті.

Жобалық қуаты бойынша тәулігіне

көрсетіп, 513 адам жұмысқа тартылған зауыттың жалпы ахуалымен және алдағы жоспарларымен бөлісті. Қазіргі таңдағы қызылша қабылдау пунктінң тынымсыз тіршілігі де өңгіме арқауына айналды.

Бүгінгі күннің басты жаңалығының бірі – кәсіпкер Б.Рахымбаевтың «Бизнестің Жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша «АТФ Банк» арқылы 446 млн. теңге несие алып, қалғаны өз қаражатымен, құрылысына шамамен барлығы 1 млрд. теңге жұмсаған, пайдалы жер көлемі 7500 шаршы метрді құрайтын «ММ Меркі» ойын-сауық және сауда орталығының ашылу салтанаты еді.

Сөз алған облыс әкімі К.Көкірекбаев аталмыш орталық толық іске қосылғанда 350 адамға тұрақты жұмыс көзі ашылатынын баса айтып, халықтың бақуатты тіршілігінің негізін құрайтын кәсіпкерлік саласындағы осындай игі істер ғана ел экономикасының дамуына айтарлықтай септігін тигізетініне кеңінен тоқталды.

Аймақ басшысының ауданымызға жасаған сапарының аяғында аудан активімен бірлескен жиналыс өткізілді. Онда бүгінгі жергілікті жерлерде танысқан ауданның жетістіктері, асыл тұқымды мал сатып алу үшін жаңа құрылған «Меркі өнімдері» кооперативіне бөлінген 600 млн.-ға жуық теңгенің жұмсалып жолдары мен шешімі табылуы тиіс кейбір жекелеген мәселелер қаралып, қорытындыланды.

Облыс әкімімен сапарлас келген облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Х.Бегалиев, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Е.Көшербаев, кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары С.Үрпеков, білім басқармасының басшысы С.Құрманбекова, құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ә.Ахатаев, денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а. М.Жұманқұлов, сондай-ақ, облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Қ.Аралбековалар өз салаларына қатысты түйіндеген ойларын ортаға салып, облыс басшысы мен меркіліктердің жекелеген сұрақтарына тұщымды жауаптар берісті.



Арзан нан дүкенінде



600 орындық мектеп құрылысында



«ММ-Меркі» орталығы



Аудандық емхананың ашылу сәті

Шу ауданының мәдениет және өнер күні

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ, МӘДЕНИЕТІМ - МӘРТЕБЕМ!



ӘН МЕН ЖЫР ТАРТУ БОЛСЫН, ҰЛЫ КҮНГЕ!

Өткен аптада көрші Шу ауданының өнерпаздары ауданымызда болып, осындай тақырыппен концерт қойды. Бұл күні аудандық Мәдениет үйі ерекше күйге енген. Кіре беріс фойеден бастап, ортаңғы дәлізге дейін Шу ауданы қолөнершілерінің тамаша еңбектері (суреттерде) қойылыпты.

**Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ,
Бауыржан ҚУАНЫШБЕКОВ (суреттер),
"Меркі тынысы".**

шулықтардың бүгінгі іс-сапарының мақсаты – қос ауданның мәдениет пен өнердегі өзара байланысын нығайту екендігін айтып өтті.

Мәдениет пен өнер мерекесінің шымылдығын «Шу еркесі» халықтық ән-би ансамблі Түркештің күйі «Көңіл ашарды» төгілте орындап, ашты. Одан соң ҚР Мәдениет қайраткері, ансамбльдің әншісі Жанат Досжанова халық әні «Үгәйейді» орындаса, келесі кезекте Бауыржан Үйсінбеумен бірге Ә.Желдібаевтың «Қызыл гүлім, қызғалдағым қырдағы» әнін көрерменге ұсынды.

Жуырда аудандық Мәдениет үйінде Меркі ауылдық округі көркемөнерпаздарының ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» атты байқау-концерті (суреттерде) өтті.

**Әлихан НҰРАЛИЕВ,
(суреттер автордікі), "Меркі тынысы".**

Дәстүр болғандай, байқау алдында меркілік қолөнер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылып, көпшілік қауым жеке кәсіпкер С.Айтбаевтың ертоқым, тартпа, жүген, үзеңгі сияқты ат бәзедерімен, «Үміт» сарайы дайындаған қолөнер туындылары мен «Меркі шипажайы» АҚ-ның өзіне тартар әсем көріністері және «Совет» шаруа қожалығының алма өнімдерімен танысты.

Келесі Меркі ауылдық округінде барды бағалап, жоқты жасай білген меркіліктердің Тәуелсіздік жылдары атқарылған істерін баян еткен бейнефильм көрсетілген соң кезек концерттік бағдарламаға ұласты.

Хор әншілерінің өнері тамашаланып, №17, №39 орта мектеп-гимназиялары мен «Қарлығаш» балабақшасының өнерпаздары Тәуелсіздік, туған жер турасында көркемсөз оқып, көптің көңілінен шықса, «Балдәурен»

сарайының қуыршақ театры шығармашылықтың бір өзгеше түрі – мимикрия әдісі бойынша дайындалған «Тағдыр қоспаған махаббат» атты өнер туындысын тарту етіп, жаңаша қырларынан танылды. Ал, «Балдырған» балабақшасы қызметкерлерінің 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы көрінісі мен оның басты кейіпкері Қ.Рысқұлбеков жайлы жан тебіренер қойылымдарын сәтті шыққан сахна өнері қатарына жатқызуға әбден болары анық.

№17 мектеп-гимназиясы дайындаған пантомимо жанры да өз қызығушыларын тенті етсе, №1 саз мектебі ұлт-аспаптар ансамблінің өнері де домбыра, қобыз, баян аспаптарының өзара үндестігімен астарласып, жүректерге жол тауып жатты. Әрі қарай түрік этномәдени орталығының әншісі орындаған түріктің халық әні әсерлі шықса, №17 мектеп-гимназиясы өнерпаздарының әлемдік опера тарихында өзіндік орны қалыптасқан атақты «Қыз Жібек» операсынан үзінді таңдап, жақсы орындауларының өзі өнердің асқақ биігіне қорықпай қол созумен бірдей еді, яғни, соның өзі жеңіспен пара-пар дүние десек болады. Келесі жеке орындаудағы «Әке-ана» әнінің терең мағынасы мен сырқалу мәнеріне бас имеген көрермен, сірә, жоқ та шығар деп ойлаймын.

Байқау-концерттің соңына нүкте қойған



Фанфар берілгені сол екен, қасиетті сахнаның әсем шымылдығы баяу ашылып, ұлттық нақыштағы киімдерін киген қос жүргізуші ортаға шықты. Сахна төрінен «Шу еркесі» халықтық ән-би ансамблінің мүшелері қаздай тізіліп, орын тепкен.



Құрманғазының «Балбырауын» күйінің ырғағына мың бұрала билеген «Ерке сұлқым» бишілер тобының өнеріне зал толы көрермен риза болып, қол соқса, оркестрдің орындауындағы Ә.Желдібаевтың «Ерке сұлқым» күйі өнер туындысының көңіл пернелерін дөп басқан ерекшелігімен және орындалу деңгейімен көпшілікті бір серпілтіп тастады.

Сахна төріне «Әсем өуен» фольклорлық ансамблі шығып, М.Өзбековтың «Шалқиды Шуым» әні мені халық әні «Дей салдым-айды» әуелеткенде әрбір көрерменнің көңіл пернелеріне дөп тигіндей еді.

Тәуелсіздіктің Көк Туы желбіреген бүгінгідей заманда Ұлы даламыздың өндерін қалайша әуелетпесек?! Төреғали Төрелінің «Ұлы дала» әніне кезек келіп, оны Ерғали Келгенбаев пен Мәди Жапар орындады.

Иә, айта берсек, шулық өнерпаздар әнді де, биді де төгілтіп, меркіліктерге тамаша мерекелік сәт сыйлады.



– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым, мәдениетім – мәртебем!» атты Шу ауданының мәдениет және өнер күніне арналған концерттік бағдарламасына қош келдіңіздер! – деп бастаған өнер көшін жүргізуші Мақсат Мақсұт пен Бақытжамал Қосыбаева құттықтау сөз кезегін Шу ауданы әкімінің орынбасары Ержан Бегалиевке берді.

Ержан Қыдырұлы Қазақ елінің Тәуелсіздігіне, әлеуметтік-экономикалық салалардағы қол жетіп отырған жетістіктерге қысқаша тоқталып, қос мереке қарсаңындағы



Концерт соңында белгілі күйші, сазгер Шу өңірінің ардақты азаматы Әбдімомын Желдібаев сөз алып, ыстық ықыласын білдірсе, меркілік ақын апамыз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Шырын Мамасерікова шулықтарға арнаған өлеңін оқып берді.

Иә, Меркі мен Шу аудандарының арасындағы мәдениет пен өнердегі өзара байланыс жалғасын табатын болады. Осы бейсенбіде, 3 қарашада, меркілік өнерпаздар Шу ауданына, өнер сапарына шығуға дайындалу үстінде. Сәт-сапар тілейміз.



балабақшасының кішкентай бүлдіршіндерінен құралған хор тобы және балалар мен жасөспірімдердің «Үміт» сарайының тәрбиеленушілері өзірлеген «Туған жер» атты мерекелік флешмобы, осы білім мен өнер ордасының әншісі Бекболат Бақтиярұлының шырқаған патриоттық «Көк тудың желбірегені» әні де өте шебер орындалып, ел есінде қалардай ерекшеленді.

«Өрлеу» домбырашылар тобы



«Үміт» сарайы «Жібек жолы» бишілер тобының «Достық» биі елімізді мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің би өнері арқылы олардың достығын да паш ете білген өте тамаша сахналық нөмір болып есте қалмақ.



Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тамаша шертіп, №17 Трубицын атындағы орта мектеп-гимназиясының бишілері «Қазақ биі» ырғағында әсем тербелген соң, аудандық Мәдениет үйінің әртісі Ескендір Сартбаевтың жеке орындауындағы сценалық өзілі де өз тартымдылығымен көпті күлкіге кенелтіп өтті.

Сахна төріне «Ақ әжелер» тобы шығып, өз өнерлерімен үлгі бола білген соң, «Үміт»

Музей – ұлттық мұрамыз, болашақ ұрпақтардың мақтанышы. Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейі Тәуелсіздік алған жылдарда қайта түлеп, ауданның мақтанышына айналды.

Музейдің пікір-лебіздер жазу кітабына қарап отырсақ, Тәуелсіздік жылдарында музейдің қалай өсіп дамығанына көз жеткіземіз. 1997 жылдың 21 мамырында келген М.Шаханов: «Қазақтың қанатты қызы

Тәуелсіздік алған 1991 жылы – 4755 жәдігер, ал, бүгінгі таңда негізгі қорда – 8334 жәдігер бар. Ал, жалпы алғанда музей қорында 13538 жәдігер бар.



В минувшем году мы отметили значимое событие – 20-летие Ассамблеи народа Казахстана, в этом году отмечаем 25-летие Независимости страны. Две эти даты одинаково дороги сердцу каждого казахстанца, для кого Казахстан не просто земля, а Великая Отчизна. Существенная часть пройденного Казахстаном пути – это уникальная история культурного и этнического взаимодействия населяющих его народов, проникающая по существу во все сферы бытия.

единства народа Казахстана, Наурыз, в районном историко-краеведческом музее проводятся различные мероприятия, встречи, на которых представители различных национальностей (на снимке) угощают присутствующих блюдами национальной кухни, демонстрируют национальные костюмы, музыкальные инструменты. Так, посетители

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ САҚТАЛУЫ

Шырын Мамасерікқызы басқаратын Меркі тарихи-өлкетану мұражайы аудан, облыс, тіпті республикадағы кеуделі, мәртебелі рухани шаңырақтардың бірі. Құдайым осы Мерейлі мұражайдың әрдайым жүзін жарқын етсін!», – деп жазыпты.

Ал, 1999 жылы шілде айының 15-інде келген музей ісінің үздігі, Мәдениет министрлігінің бас маманы Б.Алтаев: «Қазіргі уақытта қиын жағдайда музей есігін жаптырмай, тарихи-мәдени мұрамызды көздің қарашығындай сақтап отырған директор Ш.Мамасеріковаға, музей ұжымына үлкен алғыс айтқымыз келеді. Болашақта музей экспозицияларын заман талабына сай жаңартып, өзгерістерге атсалысады ғой деп сенемін», – деп жазса, 2001 жылы 5 тамызда музей қонағы болған Шерхан Мұртаза: «Неше алуан мәдениет ошақтары күйреп, қирап кеткен кезеңде осы мұражайды бір қылын қисайтпай, аман сақтап қалған азаматтарға көп рахмет. Ақын Шырын, руханиятты қарлығаштай қорғап, қанатыңмен су сөйіп, аялай бер. Әруақтар ризалығына ие бол», – деп өз пікірін білдіріпті.

Жерлесіміз Мұрат Әуезов 2005 жылы 18 маусымда келген кезінде: «Меркі өлкесінің тарихы – ұлы тарих, ұлттық бай қазынамыз. Оны зерттеп, сақтап, насихаттап жүрген ұлтжанды мұражай қызметкерлеріне мың да бір алғыс», – деп лебізін білдірген.

Музей Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қиын жағдайларды бастан кешіргеніне қарамастан алға жылжи берді. Оған куә осы жазбалар, музейге келушілердің алғыстары, олардың музей және оның ұжымы туралы пікірлері.

Музей ашылған алғашқы жылдары негізгі қорда 865 жәдігер болса,

Соңғы он жылдықта музей директоры М.Амиеваның басшылығымен музейге көптеген жаңа, құнды экспонаттар алынды. Оның ішінде, әйелдердің күміс әшекей бұйымдары, сырмалар, теріден жасалған бұйымдар (саба, шелек, шөгім), ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары (оюлы тостағандар, ағаш ожаулар т.б.) және атақты зергер Б.Әлібайдың қолынан шыққан әйелдер әшекейінің жиынтықтары: алқа, білезік жүзіктерімен, қапсырма, сырға, құс тұмсық жүзік, сонымен бірге, Дамаск құрышынан жасалған пышақтар бар.

2009-2010 жылдары музей күрделі жөндеуден өткізіліп, қазіргі заманауи бет-бейнесі қалыптасты. 2013 жылы мамырдың 6-сында келген жерлесіміз Н.Омашұлы: «Мұражай көңілден шықты, іші кең, экспонаттары рет-ретімен орналасқан екен. Қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ», – дейді.

Осы жылы тамыздың 28-інде келген мүсінші Д.Бектеміров: «Мұражай өте құнды жәдігерлерге бай, қызметкерлер білікті де білімді мамандар. Үлкен әсер алдым. Мұражай директорына осы еңбегі үшін Алладан Нұр жаусын. Сіздерді мақтан тұтамын. Өркендеп, өрлей беріңіздер. Мұражай қызметкерлеріне мықты денсаулық, еңбектеріне табыс тілеймін», – деп лебізін білдірді.

Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейінің болашақта алға қойған мақсаты – Тәуелсіз еліміздің тарихын жаңғыртып, мерейін өсіруге еңбек етіп, болашақ ұрпаққа қызмет жасау.

Л.БАРАҚБАЕВА,
Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы



ҰРПАҒЫСЫҢ, ҚАЗАҚ ДЕГЕН ҰЛЫ ЕЛДІҢ...

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: “Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге, ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір атымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін”, – деп өз сөзінде айтқанындай, Меркі ауданы әкімдігі білім бөлімінің “Мәңгілік

Ел” тәрбие және білім беру орталығының ұйымдастыруымен жуырда №14 М.Жылысбаев атындағы орта мектепте Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай №11, №12, №14, №15 орта мектеп оқушылары арасында “Ұрпағысың қазақ деген ұлы елдің...” атты “дөңгелек үстел” өтті **(суретте)**. Аталмыш іс-шараның мақсаты – Тәуелсіздігімізді мәңгі етіп, Мәңгілік Елге айналу үшін білімді жастардың біліктілігін арттыра отырып, Отаны, туған жері туралы түсініктерін молайту, ойын ауыса айта білуге дағдыландыру. Отанын сүюге, тілді құрметтеуге, адамгершілікке

тәрбиелеу.

“Дөңгелек үстелдің” ашылу салтанатында «Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығының директоры Күлайым Шағатаева мен №14 М.Жылысбаев атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Садбақасов Мұрагер өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара барысында «Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығының қосымша білім беру педагогы Ж.Байбүлдекова «Тәуелсіз Қазақстанның ұлы мұраты» атты баяндама оқыды.

“Дөңгелек үстел” барысында қатысушылармен танысу үшін педагог-психолог А.Байжанова «Танысу» тренингін жүргізді. Қатысушыларға тест сұрақтары таратылып, нәтижесінде №15 орта мектеп оқушысы Мұқанова Аяулым жоғарғы көрсеткіш көрсетті. Екінші кезең бойынша әр мектеп оқушыларына шығармашылық тапсырмалар берілді.

“Дөңгелек үстел” өз деңгейінде өткізіліп, өз үлестерін қосқан мектептерге мақтау қағаздары берілді.

Н.СОЛТАНАЙ,
«Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығының қосымша білім беру педагогы.

ВЕЛИКОЕ СЧАСТЬЕ ДРУЖБЫ



и многие другие. И, сегодня, Казахстан может служить примером будущего внутреннего устройства многоконфессиональных обществ с многонациональным составом населения.

В меркенском историко-краеведческом музее также есть уголок, где выставлены ценные и уникальные экспонаты, которые передали в музей представители этнокультурных объединений района. Кроме того, в преддверии Дня

районного историко-краеведческого музея, через изучение языка, культуры, традиций разных этносов, проживающих в нашем районе, могут узнать много интересного и понять главное – неважно, какой мы национальности – казахи, русские, евреи, турки, украинцы. Мы все – казахстанцы, мы все – единый народ.

Фатимат БИТУЕВА,
научный сотрудник районного историко-краеведческого музея.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ІРЕ ГІМІЗ

Тәуелсіздік жолында сан ғасырлық тарихы бар Қазақ елі ерлік пен елдіктің арқасында, бірлігін сақтай отырып, бүгінгі күнге жетті.



Осы мерекелік күндерге орай күні аудандық орталық кітапханада «Менің елім – менің мақтанышым» атты тақырыпта тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға кітаптар насихатталуда.

Сондай-ақ, Ақтоған ауылдық кітапханасында «Байтақ елім – Қазақстан» атты өдеби-сазды кеш өтті **(суретте)**.

Бұл іс-шаралардың мақсаты – жас ұрпақты Отанды сүюге, Отан алдындағы борышын түсіне білуге тәрбиелеу, еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту. Отанын сүюге, ел тарихын білуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, Отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге, білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

Өдеби-сазды кеште, ең алдымен, Әнұран орындалды. Тәуелсіздік туралы өлеңдер, тақпақтар айтылып, оқырман қауымға арналып «Бар бақыттың бастауы – Тәуелсіздік» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Осы іс-шарада Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақпын» атты өлеңі, «Желтоқсан желі», «Жаса, Қазақстан» өндері орындалып, сахналық көріністер қойылды.

А.БҮРКІТБАЕВА,
орталық кітапханалар жүйесі директорының орынбасары



Кешегі Калинин, бүгінгі №18 Ақкөз Қосанов атындағы тірек орта мектебінің ашылып, Меркі өңірінің жас ұрпақтарына білім бере бастағанына биыл тура 80 жыл толып отыр.

Хафизова Мубина 1923 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті үздік аяқтап, облыстық білім бөлімінің жанындағы мұғалімдерді даярлайтын курсының физика-математика бөлімінде оқыған.

жырлағандай, мақсат-мұраты биік азаматтың өнегелі өміріндегі істерін ерекше атап өтпеуге болмас.

1929 жылы Меркі ауданы, «Ойтал» колхозында туылған. 1946 жылы Калинин орта мектебін, 1950 жылы Алматыдағы

салада қызмет етіп жүр.

Сондай-ақ, Сейтімбетов Асқар, Қырғызбаев Д., Татметов Құндызай, Тәжібаева Рәт (орыс тілі мұғалімі), Айылшиев Дүйсен (танымал хирург), Есеналиев Дүйсебай сынды азаматтар

ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢҒЫРАҚ ШЕЖІРЕСІ

Мектеп тарихына көз жүгіртсек:

Қасиетті қара шаңғырағымыз 1930 жылы қазақ-өзбек мектебі болып ашылып, алғашында 3 қазақ, 3 өзбек қызы киіз үйде оқып білім алған. Олар – Әлиша, Айнаш, Марал есімді қазақ қыздары мен Мархад, Бағула, Мансия есімді өзбек қыздары еді. Бұл қыздарға татар молда, мұғалім Рашид Нигматулин сабақ берген. Олар алғашында арабша, кейін қазақша төте жазумен оқыған.

Қазақ қызы Марал молда болып, бес оқушыны оқытқан. Алиша мен Айнаш туралы мәліметтер белгісіз. Сол кездегі өзбек қызының бірі Қарабалта үстіндегі Ақсу деген ауылға тұрмысқа шығып, мектеп ашқан. Кейінгі мәліметтер бойынша белгілі болғаны, бұл өзбек қызы – Бағула екен.

1930 жылғы осы аталған мектепке 1936 жылы Тұрар Рысқұлов атындағы мектепті әкеліп қосып, жеті жылдық мектеп болып ашылады. Білім ошағына алғаш 6 оқушы қабылданып, алғашқы түлектері 1946 жылы қияға қанат қақты.

Тарихы тереңге тартқан білім ордасының сонау отты жылдардағы мектеп директоры Жунусов Маусымбай есімді азамат болса, алғашқы түлектерін ұшырған 1946 жылғы мектеп директоры Зікірия Оспанбеков еді.

Ұлы суреткер, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың жары, ұлы ұстаз Фатима Ғабитова – еңбек жолында мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Ол киелі Меркі жерінде қызмет атқарып жүргенде ұлы Мұрат дүниеге келген. Бұл туралы Мұрат Әуезов: – Менің туған жерім – Жамбыл облысының Меркі ауданы. Бұл – қасиетті мекен. Есейген кезде өз туған жерімнің Орта Азияның тарихындағы орны ерекше, Қазақ елі екендігіне көзім жетті, – деп есіне алады.

Фатимадай біртуар жанның осынау қара шаңғырақ мектебімізде еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуі – үлкен мақтаныш. Меркіде жеті жылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі болған темірдей төзімді, өжет жан Фатима Ғабитова, шәкірттерінің бойына ізгілік нұрын себе отырып, он жылдық мектептің ірге тасын қалауға өз үлесін қосты.

1946 жыл – мектеп тарихындағы ерекше жыл болды. Өйткені, осы жылы мектептің ең алғашқы түлектері – Мырзабаев Тоқтахан, Зарипова Мадина, Абдрахманова Сәруар, Аубәкірова Айнаш, Таубаев Нәзім, Кәжікен Тайжановтар «№1-ші, тұңғыш түлектер» – деген мен мұндалаған есімдерімен тарих беттерінен мәңгілік орын алды.

Фатимадай ұлы ұстаздан тәлім алған, Калинин атындағы орта мектебінің тұңғыш түлектерінің бірі – Әбдірахманова Сәруар жоғары білімді, физика-математика маманы еді. Ол «Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздігі» белгісінің иегері деген атаққа ие болып, абырой биігінен көрінді. Өзі білім алған мектепте 34 жыл бойы физика пәнінен сабақ берген Сәруар апайдың ұлы Талғат – құрылыс маманы, қызы Гүлмира – мұғалім, кіші ұлы Әйбек – дәрігер мамандықтарын алып, еліне елеулі қызмет етуде.

Киелі қара шаңғырақтың алғашқы директоры Оспанбеков Зікірияның жұбайы Аубәкірова Айнаш өзі білім алған мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. Осындай ұстаздар отбасында дүниеге келген Оспанбекова Минура Зікірияқызы – балалар дәрігері, өз ісінің білікті маманы.

Мектептің тағы бір алғашқы түлегі – Зарипова Мадина. Ол – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып ұзақ жылдар бойына еңбек етіп, ұстаз деген қасиетті мамандығына адал болды.

Мектеп директорларына тоқталсақ:

Өмір белестерінің сол бір көкжиегіне көз жүгіртсек, сағынышпен еске алатын сағым жылдардағы мектеп тарихында өзіндік өрнектері бар мектеп басшылары ойға оралары анық. Оларды ардақтап еске алу – қастерлі парыз.

1. Ең алғашқы директоры Жунусов Маусымбай – Ресей империясының №12 Сары көпе болыстығында дүниеге келген. 1930 жылы қазақ жеріндегі алғаш мектеп қабырғасы қаланған Торғай қаласында Мұғалімдер семинариясын бітіріп, мұғалім мамандығын алған. 1942-1943 жылдардағы Калинин

мектебінің алғашқы директоры. Жұбайы Тоты Харушова да көп жылдар бойы осы мектепте мұғалімдік қызмет атқарып, 1971 жылы осы мектептен зейнетке шыққан. Үш ұлы – Сабыр, Алмас, Бақытжаннан қазіргі таңда 11 немере, 21 шөбересі бар, олар Алматы мен Астана қалаларында тұрады.

2. Мектептің 1946 жылғы директоры – Оспанбеков Зікірия.

3. Қиын кезеңдерде ауданымыздың білім саласын өркендетуге өзіндік үлесін қосқан мектеп басшысының бірі – Хафизова Мубина.



Мектеп директорлары

1950 жылы Алматыдағы қыздар педагогикалық институтын үздік аяқтаған Мубина апамызды арнайы жолдамамен Жамбыл қаласына математика пәнінің мұғалімі етіп жібереді. 1951 жылы облыстық білім бөлімінің бұйрығымен Меркідегі №18 М.И.Калинин атындағы мектебінің директоры қызметіне тағайындалады.



Хафизова Мубина

Мубина апамыз киелі Меркі жерінде өзінің өмірлік жары Шамар Хасенұлы Хасеновпен танысады. Бүгінде олардың екі ұл, 1 қызынан жеті немере, 8 шөбересі бар.

4. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге оралғаннан кейін мектеп басшысы болған Кадышев Әбдірахым Әбдірахманұлы 1908 жылы Ресейдің Орынбор қаласында туылған. 1932 жылы Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Еңбек жолын, аталған оқу орнын тәмамдағаннан кейін, 1932 жылы Алматы қаласындағы коммунистік жоғары оқу орнында физика және математика пәндерінен сабақ беруден бастаған... 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін Ә.Кадышев Алматы облысы, Ыстық ауданында орта мектеп директоры, Еңбекшіқазақ ауданының білім басқармасында инспекторы болса, 1948 жылдан зейнетке шыққанға дейін Меркі ауданының білім саласында еңбек етті. Калинин атындағы орта мектепте физика және математика пәнінің мұғалімі, 1950-1951 жылдары, жеке парағы бойынша, осы мектептің директоры, бұдан соң №17 орта мектеп мұғалімі, 1952 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін №18 орта мектеп мұғалімі болып қызмет атқарған.

5. Мырзабай Тоқтахан Айдарбекұлы. Ұрпағыма айтып ұлағат, Қалдырдым жазып мұра хат. Өсиетіммен өсіндер, Бақытты ғұмыр кешіндер, – деп Тоқтахан Айдарбекұлының өзі

Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітіреді. 1952-1959 жылдары Шу ауданының «Ақтөбе» ауылындағы орталау мектепте оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі, 1952-1953 жылы Жамбыл облыстық комсомол комитетінің лекторлар тобының меңгерушісі болды.

1953 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Меркі ауданындағы «Кеңес», А.Қосанұлы атындағы мектептерде директор, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы болып абыройлы еңбек етті. Зейнетке шыққанда да қарап жатпады, аудандық мұрағаттың ашылуына ықпал етіп, оның алғашқы директоры болды.

Тағылымды түлектер:

1947-1957 жылдары аралығында, сонау кеңестік заманның гуманистік дәстүрлерімен бірге, әрқилы саясатында да шәкірттерін оптимистік рухта сенім мен үмітке жетелеп, қашанда халықпен бірге болып, елге қызмет еткен Оспанбеков Зікірия, Хафизова Мубина, Кадышев Әбдірахым, Мырзабаев Тоқтахан, Нарматов Сырғабай сынды мектеп директорлары басшылық еткен жылдары, қара шаңғырақ ұстаздарының елі үшін сіңірген еңбектері өз нәтижелерін берді де. Ұлағатты ұстаздардың шәкірттері тағылымды болып, өмірде өзіндік орындарын тапқан ірі тұлғаларға айналды.

1947 жылғы түлектер: Медетбеков Әсімбай 1953-1956 жылдар аралығында КазМУ-ді аяқтап, ауданымыздың білім саласында қызмет атқарды.

Қырғызбаев Сұлтан Салыбайұлы Меркі ауданының ауыл шаруашылық саласында көптеген жылдар бойы қажырлы қызмет етті.

1949-1950 жылдары бітіргендер: Момынов Ахметбек Момынович – ауылшаруашылығының озық малдәрігер-маманы, беделді қызметкер, көптеген Құрмет белгілерінің иегері, ардақты әке, асыл жар бола білген. Жұбайы Гүлнара Саттарқызы зейнет жасына дейін медицина саласында қызмет атқарған еңбек ардагері. Қызы Момынова Зумрат – дәрігер, аудандық ауруханада күндізгі емдеу бөлімшесінің бөлім меңгерушісі.

Ниязбеков Мұсахан – хирург, қазіргі таңда шаңғырағында жұбайы, немерелері бар. Ұлы Бауыржан орталық ауруханада хирург. Ұл-қыздары әр

ұзақ жылдар бойы еңбегімен танылған жандар еді. Ал, «Меркі вальсі» өнінің авторы Досмаилов Елікүл – әнші, сазгер, термеші болып, меркіліктердің жадында қалды, өз мамандығы химия пәнінің мұғалімі болатын. Өзінің төл туындысы «Меркі вальсін» Португалия елінде орындап, киелі Меркі жерінің әсемдігін әнімен танытты.



Айылшиев Дүйсен

Дабылтаев Есберген – Кеңес орта мектебінің директоры болған, қызы Ратхан Алматыда ҚазҰУ-де ұстаз.

Хасанбаев Буахан – Кеңес дәуірінде белгілі фармацевт – маман атанған. Ұлдары – Бабыр, Бахадур, Бақтияр – кәсіпкерлер.

Айтмбетов Асқар – хирург. Зәтілдаев Жұмағали – хирург мамандығын алып, туған ауылына көп еңбек сіңірді, аудандық аурухананың бас дәрігері болып еңбек етті. Ол жұбайы, белгілі дәрігер Чалабаева Күләш Құрманқұлызымен отасып, үш ұл, екі қыз тәрбиеледі.

Қомсабақов Рысбек те осы мектепті тәмамдаған. Ол Тараз қаласындағы статтехникумын, одан соң «Нархозды» бітіріп, Меркі ауданының бас экономисі болып қызмет атқарған.

1952 жылы шамамен 15 оқушы мектеп бітірді. Солардың ішінде Ахрарова Мапрат, Таникина Өкен, Алипова Хабиба, Қыдыралиев Мұқан, Сұлтанқұлов Чертпек, Тастемиров Өрнек және Омаров Қашқынбай ағай бар.

Қазақ ССР-нің білім үздігі Қоржынбаев Ошақбай – «Победа» колхозында ауыл шаруашылығын өркендетуге және мектептің салынуына өз үлесін қосқан.




МЕКТЕП МАҚТАНЫШТАРЫ

Ұлағатты ұстаздық еңбек жолында, Меркі топырағында өзіндік із қалдырған басшының бірі – Фатима Ғабитқызы. Біртуар жанның осынау қара шаңырақ білім ордасында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуі – біздер үшін үлкен мақтаныш.

Фатима Ғабитқызы

Фатима Ғабитқызы 1903 жылы Алматы облысына қарасты Қапалдағы көпес отбасында дүниеге келген. Қыздарға арналған орта орыс мектебін, татар қыздар мектебін, медресе және Қазақ университетінің филология факультетін бітірген.


Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жары Фатима Ғабитқызы отбасына ауыртпалық түскен қиын кезеңдерде Меркі жеріне келіп еңбек етеді. Оның



ұлы, белгілі қоғам қайраткері Мұрат Әуезов осы Меркі топырағында дүниеге келген.

Осындағы жеті жылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі болған темірдей төзімді, өжет жан Фатима Ғабитқызы шәкірттерінің бойына ізгілік нұрын себе отырып, сол кездердегі кездескен қиындықтарға қарамастан білім ордасының 10 жылдық болып, қабырғасының кеңеюіне бірден-бір үлес қосты.

Мектептің мақтаныш тұтар тағы бір түлегі – математика, логика саласының маманы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Төлөнді Ғарифұлы Мұстафин.



Мұстафин Төлөнді Ғарифұлы

Ол 1965 жылы Новосібір мемлекеттік университетін бітірген. 1965-1967 жылдары С.Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтында қызмет еткен. 1972-1992 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің жоғары математика кафедрасы меңгерушісі, математика факультетінің деканы, оқу ісі жөніндегі проректоры, 1992-1994 жылдары қолданбалы математика институтының директоры болып еңбек етті.

Төлөнді Ғарифұлы жас кезінен бастап өмірінің соңына дейін (1942-1994 ж.ж.) көптеген математиктердің халықаралық конгрестері мен конференцияларына қатысып, оларда көлемді баяндамалар жасады. Мысалы, 1966 жылдың тамызында Мәскеуде өткен халықаралық конгресінде баяндама жасап, математиктер арасында қызығушылық туғызды. Ол Линденбаум-Тарскийдің, Буль алгебрасының суператомды теориясының трансценденттік модельдері туралы алғашқы нәтижелерін 1970 жылы алды. Оның бұл жұмысы КСРО-ның ішінде және

бүкіл әлемде Морли жұмыстарынан кейін бірінші болды. Соның нәтижесінде Т.Мұстафин 1971 жылы наурызда кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол Хельсинки (Финляндия) қаласында өткен (1990 ж. шілде) бүкіләлемдік халықаралық логикалық семинардың Пленарлық отырысында бір сағаттық баяндама, Парижде (Франция) өткен (1990 ж. қараша) халықаралық семинарда үлкен баяндама жасаған.

Т.Мұстафиннің ұйымдастыруымен 1990 жылы КарМУ да 1-ші кеңес-француз коллоквиумы өткізілді. Ол 1992 жылы Марсель (Франция) қаласында өткізілген II Франция-ТМД коллоквиумының ұйымдастырушыларының бірі болды. 1994 жылы Алматыда өткізілген III Қазақстан-Франция коллоквиумына белсенді қатысты. Оларға Канада, Израил, АҚШ, Германия, Швейцария және Ресейден математик ғалымдар қатысты. Оның 1994 жылы тамызда Цюрих (Швейцария) қаласында өткен математика бойынша бүкіләлемдік конгресте жасаған баяндамасының ғылыми жетістері жоғары деңгейде бағаланып, оған Д.Соростың арнайы гранты және Еуропа қоғамдастығының гранты тапсырылды.

Төлөнді Ғарифұлы Мұстафиннің модельдер теориясы және математикалық логиканың ірі мәселелерін шешуге арналған 100-ге жуық мақалалары, монографиялары және басқа да еңбектері бар.

Белгілі ғалымға ҚарМУ-дың оқу корпусында мемориалдық тақта орнатылған. Бүгіндері «Алгебра, математикалық логика және геометрия» кафедрасы жерлесіміз профессор Төлөнді Мұстафиннің есімімен аталады.

Тоқтахан Айдарбекұлының бүкіл саналы ғұмыры туған топырағы Меркі жерімен тығыз байланыста өтті. 1946 жылы Калинин орта мектебін, 1950 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген ол 1952-1959 жылдары Шу ауданының «Ақтөбе» ауылындағы орталау мектепте оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі, 1952-1953 жылдары Жамбыл облыстық комсомол комитетінің лекторлар тобының меңгерушісі болды. 1953 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Меркі ауданындағы «Кеңес», А.Қосанұлы атындағы мектептерде директор, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы болып абыройлы еңбек етті.

Мырзабай Тоқтахан Айдарбекұлы



Тоқтахан Айдарбекұлы табиғатынан мінезі ашық-жарқын, ақкөңіл азамат болатын. Орынсыз қатты айтып, біреудің көңілін қалдыруды білмейтін. Өзіне де, өзгеге де талап қоюға дағдыланған ол, қашанда өзіне тапсырылған жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарауды, үлкенге – ізет, кішіге – ілтипат көрсетуді өдетіне айналдырған асыл жан еді...

Ұстаздық істе ысылған, қоғамдық жұмыс десе жанын салатын Тоқтахан ағамыздың ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі 80-ші жылдары, Меркі аудандық партия комитетінде, үгіт және насихат бөлімін басқарған шақта ерекше

танылды. «Қызыл партияның» қылышынан қаны тамып тұрған шақтың өзінде ауданының да, өзінің де атына кір келтірмей, абыройлы еңбек етті. Зейнетке шыққанда да қарап жатпады, аудандық мұрағаттың ашылуына ықпал етіп, оның алғашқы директоры болды...

Қашанда ұлағатты сөз айтып, игілікті іс тындыратын Тоқтахан Айдарбекұлы 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысының Меркі өңіріндегі оқиғаларын терең зерттеп, оның Қазақстан тарихында өзіндік орнын алуына, өскелең ұрпақ санасына сіңдіріп, батырлардың есімін ардақтауға үлкен еңбек сіңірді. Елім деген ер аталар аманатын тарих төріне шығаруды азаматтық парызым деп санады...

Ол 1916 жылғы көтеріліс жайында тың деректер тапты, белгілі академик-ғалымдармен пікір алмасып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, аудан орталығындағы №18 Калинин атындағы қазақ орта мектебіне бүгінде 100 жылдығы аталып өтіп отырған Ұлт-азаттық қозғалысының Меркі-Шу өңіріндегі жетекшісі болып, есімі тарихта қалған Ақкөз Қосанұлының есімінің берілуіне, облыс орталығы – Тараз қаласындағы Строительная көшесінің де батыр атамыздың

атымен аталуына көп еңбек сіңірді.

Алматыдағы «Қазақпарат» баспа корпорациясының баспаханасынан, осы көтеріліс тарихы туралы жазылған туындылардан құрастырылған, «Ақкөз батыр» атты кітаптың жарыққа шығуына басшылық етті. Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен жарық көрген кітаптың алғысөзін академик Манаш Қозыбаев жазып, жинаққа зерттеулер, архив құжаттары, әдеби шығармалар енгізілді.

...Өзінің денсаулығына, зейнет жасына қарамастан, Тоқтахан Айдарбекұлы енді №18 Ақкөз Қосанұлы атындағы мектеп жанынан көтеріліске қатысушыларға арнап мұражай ашу ісіне кірісті. Мұражайға қажетті құжаттарды жинақтап, құнды жәдігерлер ұсынды. Оның бар арманы – елінің тыныштығы, еркіндігі үшін атқа қонған асыл азаматтардың есімін ардақтау, ұрпақ санасына жеткізу еді. Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының кітапханасында архивтерді ақтарып, көз майын таусқан Тоқтахан ағамыз осындай үлкен де игі істерді іс жүзіне асырды.

...Өткен жылы ардагер қарияның ұрпақтары, жұбын жазбай 64 жыл отасқан жан жары Күлсінхан апамыз бас болып, Тоқтахан Айдарбекұлының өнегелі өмір жолы туралы «Ғибратты ғұмыр» атты кітап шығарды. Осы әулеттің демеушілігімен, аудандық өлкетану музейінен ардагерге арналған арнайы бұрыш ашылып, №18 А.Қосанов атындағы орта тірек мектебінің жанындағы мұражайдағы жекелеген экспонаттар жаңартылды.



Мектептің ең алғашқы ғимараты



Ораз ЖИЕНТАЕВ



Қашқынбай ОМАРОВ



Жұмағали ЗӘТІЛДАЕВ



Мәлс ЖҰМАТАЕВ



Сабырқұл АСАНОВА



Мадина МҰСТАФИНА

З
Ч
Т
Т
Ы
Б
О
Л
Ы
Н!

2016 жылғы 30 қазанда өткен Меркі аудандық мәслихатының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған депутатын сайлау қорытындылары туралы Меркі аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЛАМАСЫ

№8 сайлау округі бойынша
Аудандық мәслихат депутаты болып **Көкірекбаев Мұратбек Болысбекұлы** сайланды, 1964 жылы туылған, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

2016 жылғы 30 қазанда өткен Меркі аудандық мәслихатының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған депутатын сайлау қорытындысы туралы №8 округтік сайлау комиссиясының

ХАБАРЛАМАСЫ

Сайлаушылар тізіміне енгізілген азаматтар саны – 3160.
Дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны – 2363.
Баубеков Әбдіқұл Оразұлын жақтап берілген дауыстардың саны – 151.
Жұнсалиев Нұрлан Әкімбайұлын жақтап берілген дауыстардың саны – 135.

Көкрекбаев Мұратбек Болысбекұлын жақтап берілген дауыстардың саны – 2077.

Мәслихат депутаты болып **Көкірекбаев Мұратбек Болысбекұлы** сайланды, 1964 жылы туылған, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Жамбыл ауылында тұрады.

№8 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

СООБЩЕНИЕ

Меркенской районной территориальной избирательной комиссии об итогах выборов вместо выбывшего депутата в Меркенский районный маслихат по избирательному округу №8 30 октября 2016 года

Избирательный округ №8

Избран депутатом районного маслихата **Кокрекбаев Муратбек Болысбекович**, 1964 года рождения, первый заместитель председателя Меркенского филиала партии «Нұр Отан».

РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

СООБЩЕНИЕ

окружной избирательной комиссии об итогах выборов вместо выбывшего депутата в Меркенский районный маслихат по избирательному округу №8 30 октября 2016 года

Общее число избирателей – 3160.

Общее число избирателей, принявших участие в голосовании – 2363.

Количество избирателей, проголосовавших за Баубекова Абдыкула Оразовича – 151.

